

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы» бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі науқастарға көмек көрсетуді үйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы Досханов Мақсат Оңалбайұлының диссертациялық жұмысына

## СЫН-ПКР

### 1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен)

Досханов Мақсат Оңалбайұлының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы (ҚР) бауыр трансплантациясына арналған. ҚР клиникаларының және бауыр трансплантациясымен айналысадын әлемнің жетекші орталықтарының деректері негізінде бауыр трансплантациясын үйымдастыру бойынша көптеген мәселелердің шешімін табатын үлкен жұмыс жүргізді.

Диссертацияда трансплантологияның маңыздылығы, бауыр ауруының терминалды сатысының таралу эпидемиологиясы және оларды диспансерлік бақылау, операцияға дейін және одан кейін реципиенттерді басқару менеджменті, бауыр трансплантациясына дейін және одан кейінгі науқастардың өмір сұру сапасы көрсетілген. Бұл жұмыста біздің республикамыздағы өзекті, хирургияның күрделі саласының барлық маңызды аспектілері қарастырылған. Доңорлық органдардың (мәйіттік және тірі доңорлардан) жалпы және нақты бауырдың жетіспеушілігі шешілмеген мәселе болып қала береді. Трансплантологияның қарқынды дамымауының себептерінің бірі ретінде жұмыста жалпы трансплантология бойынша халықта жүргізілген сауалнаманың нәтижелері көлтірілген. Сауалнама барысында қызықты нәтижелер анықталды, ҚР бойынша мұндай ауқымды сауалнамалар болған емес. Жұмыста бауыр циррозы бар науқастарды стационарлық емдеудің қындықтары, «күту парағындағы» науқастардың өмір сұру ұзактығы көрсетілген.

Осы зерттеудің өзектілігі стационар мен алғашқы көмек буыны арасындағы медициналық көмек көрсету сабактастырын, бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өмір сұру сапасын зерттеуді қамтитын Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясы бағдарламасын кешенді бағалау болып табылады.

Қазіргі уақытта бауыр циррозы әлемдегі өлім-жітімнің 11-ші себебі, ал бауыр циррозы жагдайында бауырдың қатерлі ісігі өлім-жітімнің 16-шы себебі болып табылады; екеуін бірге қарастырғанда, олар бүкіл әлемдегі өлімнің 3,5% құрайды.

Біздің елімізде бауыр трансплантациясы медицинаның жас саласы болып табылады, тәжірибе жинақтаған сайын осы қызметті жеңілдету және

оны мұқтаж науқастарға қолжетімді қызмет ету мәселелері жинақталуда. Бұл шараны орындау үшін кедергілерді азайту керек. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, диссертациялық жұмыстың тақырыбы сөзсіз өзекті болып табылады.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Мақсат Оңалбайұлының жұмысы нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. Ең маңызды мына нәтижелерді қамтиды:

Қазіргі уақытта 43 науқас бауыр трансплантациясын күтуде. Науқастардың өміршендік деңгейі мынадай: бір жылдық – 94,1%, екі жылдық – 92,5%, үш жылдық – 88,5%. Барлығын 2 топқа бөлінген.

Бірінші топта (MELD шкаласы бойынша 18-ге дейін) 393 науқас болды. Зерттеу кезеңінде 52 (13,2%) науқасқа бауыр трансплантациясы жүргізілді, оның ішінде туыстық донордан - 46 (11,7%), мәйіттік донордан - 6 (1,5%). 236 (60%) науқас көз жұмды, оның ішінде 6 (2,5%) науқас стационарда қайтыс болды. 157 (39,9%) науқасқа амбулаториялық бақылау жүргізіледі. Бірінші топтағы науқастардың өмір сұру деңгейі мынадай болды: бір жылдық - 77%, екі жылдық - 33%, үш жылдық - 29,2%. Бауыр трансплантациясынан кейін өмір сұру деңгейі - 88%.

Екінші топта (MELD шкаласы бойынша 18-ден жоғары көрсеткішпен) 120 науқас (23,4%) бақыланды. Бақылау кезеңінде 23 (19,1%) науқасқа бауыр трансплантациясы жүргізілді, оның ішінде туыстық донордан - 20 (16,6%), мәйіттік донордан - 3 (2,5%). Өлім нәтижесі 63 (52,5%) науқаста болды, оның ішінде стационарда - 39 (32,5%) науқаста. Амбулаториялық бақылауда 34 (28,3%) науқас бақыланды, негізінен бұл науқастар соңғы 6 айда болған. Екінші топтағы науқастардың өмір сұру деңгейі мынадай болды: бір жылдық – 59,9%, екі жылдық – 30%, үш жылдық – 14%. Бауыр трансплантациясынан кейін өмір сұру деңгейі - 78,3%.

Зерттеу нәтижелерін ескерсек, науқастардың көпшілігі MELD шкаласы 18-ден төмен бірінші топта 76,6% құрады. Осы топтағы пациенттердің бауыр трансплантациясыз бір жылдық, екі жылдық және үш жылдық өмір сұру деңгейі тиісінше 77%, 33% және 29,2% құрады. Біздің екінші топтағы зерттеуіміз бойынша бауыр трансплантациясыз 1-2-3 жылдық өмір сұру деңгейі сәйкесінше 59,9%, 33% және 29,2% өте төмен болды.

Біздің бақылауларымыз бойынша бауырдың майлы стеатозы компьютерлік томография жасалған 246 тірі донордың 53-інде анықталған. Осыған байланысты бауырдың пункциялық биопсиясы және гистологиялық зерттеу жүргізілді. Гистологиялық зерттеу нәтижелері бойынша бауырдың қалған бөлігі 30%-дан аз – 1 (1,7%) науқаста, стеатоз дәрежесі 15%-ды құрайды. Бауыр биопсиясы бауырдың қалған 30-35%-ының 25 донорда (47%), оның ішінде стеатоз 10%-дан аз – 14 (56%), стеатоз 10-20% - 8 (32%) арасында жүргізілді. Стеатоз 20% - дан астам - 3 (12%). 27 (51%) биопсия бауырдың қалған 35%-дан астамы бар тірі донорларда орындалды, оның

ішінде 12 (44,4%) стеатоз дәрежесі 10%-дан аз және 10 (37%) стеатоз дәрежесі 10-20% аралығында. Донорларда стеатоз дәрежесі 20%-дан жоғары - 5 (18,5%) донор.

Осылайша, диссертациялық жұмыс денсаулық сақтау саласын дамытуға катысты маңызды мәліметтер мен нәтижелерді қамтиды.

### **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

Зерттеу әдістері заманауи, мақсаттар мен міндеттер зерттеу объектілеріне сәйкес келеді.

Коргауға шығарылатын ғылыми деректер мен нәтижелердің, ізденушінің қорытындысы мен тұжырымдарының дұрыстығы күмән тудырмайды. Диссертациялықты жұмысты зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер теориялық және практикалық түрғыдан маңызды.

Алынған нәтижелердің сенімділігі статистикалық мәліметтермен, деректерді өндеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, материалдарды топтастырумен және өндеумен расталады, содан кейін нәтижелерді мұкият талдау және сауатты түсіндіру, бұл ізденушіге қофамдық денсаулық сақтау саласында жоғары эрудиция көрсетуге мүмкіндік берді.

### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясы бойынша жұмыстар өте аз, өйткені медицинаның аталған саласы кейінгі уақытта жандана бастады. Диссертациялық жұмыс шеңберінде Қазақстан Республикасындағы трансплантация тақырыбында халыққа саулнама жүргізу бойынша алдын ала іс жүргізілмеген, диссертацияны жазу барысында саулнама жүргізілді. Саулнамаға еліміздің әр өнірінен 1176 адам қатысты. Оның ішінде 309 ер адам және 867 әйел адам. Қатысушылардың орташа жасы  $38,7 \pm 1$  жасты (18-73 жас) құрады.

422 қатысушы (36%) мәйіттік донор болуға келісті, 644 (55%) қатысушы бас тартты. Қатысушылардың 88-і (7,6%) күмән білдірді.

Саулнама барысында 1176 қатысушыдан 991 (84%) адам еліміздегі ағзаларды трансплантациялау туралы білді, олардың 384-і (38,7%) мәйіттік донор болуға қарсы еместігін білдірді, ал 607 (61,2%) адам донорлықтан бас тартты.

Қатысушылардың 185-і (16%) елімізде ағзаларды трансплантациялау жүргізілетінін білмегені анықталды, олардың 49-ы (26,5%) мәйіттік донорлыққа қарсы еместігін білдірді, ал 136-сы (73,5%) бас тартты.

Нәтижесінде ақпараттандырылған қатысушылар 38,7% жағдайда ағзаларды беруге қарсы еместігін білдірді, ал ақпараттандырылмаған

қатысушылар 26,5% жағдайда ғана ағзаларды беруге қарсы еместігін білдірді.

Сондай-ақ, сауалнама барысында біз қатысушылардың Қазақстан Республикасының ағзаларды трансплантациялау туралы Заңы туралы хабардар болу деңгейін анықтаған. 1173 респонденттің 711-і (60,6%) Қазақстан Республикасының ағзаларды транспланттау туралы заңнамасы туралы хабардар, бірақ қатысушылардың тек 249-ы (35%) мәйіттік донорлыққа келіссе, 462-сі (65%) бас тартты.

Әтникалық құрамы бойынша қатысушылардың басым бөлігін қазақтар – 79%, 11,2% - орыстар, басқа ұлт өкілдері 6,8%-ды құрайды. Оларды аймактар бойынша бөлген: солтүстік аймақта - 158 (67%) қазак, 37 (16%) орыс және 36 (15%) басқа ұлт. Батыс өнірде халықтың 92%-ын қазақтар, 4% - ын орыстар және басқа ұлт өкілдері құрайды. Шығыс өнірде халықтың 77% - ын қазақтар, 9,8% - ын орыстар және 13,2% -ға жуығын басқа ұлт өкілдері құрайды. Оңтүстік өнір халқының басым бөлігі, шамамен 82% - қазактар, 4,3% - орыстар және 13,5% - ы басқа ұлт өкілдері.

Сондай-ақ, егер қатысушылардың ұлтына байланысты мәйіттерді сыйға тарту туралы шартты назарға алғатын болсақ, 943 қатысушының тек 37,6%-ы ғана келіседі, 55,9%-ы бас тартады және 6,3%-ы күмәнданады. Ресейлік 128 қатысушының 46,8%-ы келісті, 47,6%-ы бас тартты және 5,4%-ы күмәнмен қарады. Басқа ұлт өкілдерінің тек 29,5%-ы келіседі, 64,7%-ы келісім бермеді және 5,7%-ы күмәнмен қарайды.

Дінді анықтау кезінде қатысушылардың сауалнамасында 1176 қатысушының көпшілігі ислам дінін ұстанушылар екені анықталды.

Қатысушылардың жауаптарының діни сипатын ескере отырып, 971 мұсылманның тек 343-і (35,3%) немесе респонденттердің 82%-ы мәйіттерді сыйға тартуға келісті, 585 (60,2%) мәйіттерді сыйға тартуға қарсылық білдірді және 43 (4,4%) бұл сұрапқа біржақты жауап беруге қиналды.

Христиан дінін зерттеудегі респонденттердің жалпы саны 129 (10%) болды, тек 59 (45,7%) қатысушы мәйіттік донор болуға келісті, 62 (48%) қатысушы мәйіт доноры болудан бас тартты, ал 8 (6,2%) сұрапқа жауап беру қыын екенін мәлімдеді. Талдау көрсеткендегі, христиан және басқа діндерді ұстанатын респонденттердің 45,7%-ы және 55,2%-ы сәйкесінше ағзаларды сыйға тартуға келіскең. Исламдық қатысушылардың тек 35,3%-ы ағзаларды сыйға тартуға келісті.

## 5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

М.О. Досхановтың диссертациялық зерттеуі тұтас аяқталған ғылыми еңбек, зерттеу негізінен жүйелі тәсілдеме тұрғысынан жүргізіліп, алынған нәтижелердің ішкі бірлігін қамтамасыз етті. Жұмыстың негізгі ережелері мен қорытындылары жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелерінің жиынтығынан туындейды, өзара байланысты.

## **6. Ізденуші алған нәтижелердің тиесті озекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталуы**

Мақсат Оналбайұлының жұмысы қоғамдық денсаулық пен денсаулық сактау саласы үшін маңызды нәтижелерді қамтиды. Зерттеу нәтижелері ғылыми теориялық негізделген әдіснамалық тәсілдерге негізделеді, ал ізденуші әзірлеген механизмдер республика өнірлерінің ірі орталықтарында пайдаланылуы мүмкін.

Автор Қазақстан Республикасының қайтыс болғаннан кейінгі донорлығы туралы халықтың пікірін зерттеді, бұл қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды транспланттауды дамытуда маңызды рөл атқарады. Оның барысында Қазақстан Республикасында қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа халықтың тек 35,3% - ы ғана дайын екені аныкталды. Бұл негізінен елдің солтүстік аймағының халқы, христиан діні.

Диссертациялық жұмыста М.О. Досханов Қазақстан Республикасында транспланттау орталықтарының жұмысы бойынша үлкен жұмыс атқарды, автор ағзаларды транспланттауды дамыту критерийлерін аныктады, сондай-ақ қайтыс болғаннан кейінгі донордан Қазақстан Республикасында ағзаларды транспланттауды дамытуға баса назар аударды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы донорлықтың негізгі проблемалары, қайтыс болғаннан кейін де, тірі донордан да донорлық органдардың жетіспеушілігі, тірі донорларды тексеру кезеңіндегі іріктеу өлшемдеріне байланысты ашылды. Сондай-ақ, автор бауыр трансплантациясына дейін де, одан кейін де реципиенттердің үлкен проблемасын зерттеді.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми жұмыс жариялаған, оның ішінде: импакт-факторы бар Scopus деректер базасында индекстелген журналда 7 мақала, ҚР БФМ БГСБК ұсынған басылымдарда жарияланған 4 мақала. Диссертация материалдары халықаралық ғалымдардың қатысуымен өткен Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға ұсынылған және 5 халықаралық конференцияға ауызша баяндамамен қатысқан. Патентті тіркеуге куәлік алған - 2019 жылы. «Трансплантацияға дейінгі және бауыр трансплантациясынан кейінгі кезеңдерде науқастарды жүргізу алгоритмдері мен ұсыныстары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде авторлық құқық алған.

## **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Тұастай алғанда диссертациялық жұмыс сауатты мазмұндалған, оңай және қызығушылықпен оқылады. Ескертулер диссертациялық жұмыстың күндылығын бұзбайды, оның жалпы он багасына әсер етпейді.

**9. Диссертация мазмұнының Гылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Жоғарыда мазмұндалғаның негізінде, 6D110200 – «Қогамдық денсаулық сактау мамандығы» бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі науқастарға көмек көрсетуді үйимдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы Досханов Мақсат Оналбайұлының диссертациялық жұмысы мазмұны бойынша да, көлемі бойынша да осындай сипаттағы жұмыстарға қойылатын КР БФМ-нің «Ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы» талаптарына толық сай келеді, ал ізденуші Досханов Мақсат Оналбайұлы көрсетілген мамандық бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық.

**Ресми рецензент**

Клиникалық жұмыс жөніндегі Проректор,  
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті КЕАҚ Басқарма мүшесі:

«22» казан 2021 ж.

Мусин Н.М.

